

№34 орта мектебі бойынша  
Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

2021 жылдың 15 мамырында Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы болып өтті

Қатысуға тиісті 9  
Қатысқаны 8  
Қатыспағаны 1

**Күн тәртібінде:**

1. Каникул кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсізлігі
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу
3. Келесі оқу жылындағы мектеп формасы

*Тыңдалыны*

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Ж.Жонысова сөз алды: Әрбір оқушы каникул кезінде өзін-өзі ұстау туралы тәртіп ережесін міндетті түрде білу керек. Ол үшін мектепте қашықтықтан жалпы ата-аналар, оқушылар жиналысын өткізіп, бөгде адамдардың көлігіне отыруға, бөгде адамдармен сөйлесуге болмайтындығы айтылу керектігін жөн санаймын. Бейтаныс адамдарға есікті ашуға, электр құралдарымен, қауіпті заттармен ойнауға болмайды. Жануарларға жәбір көрсетуге болмайды. Міндетті түрде ЖЖЕ сақтау қажет! Жолдан дұрыс өту, рұқсатсыз су жағасына бармау, өткір, жарылғыш, жанғыш заттармен ойнамау, қоқыс, құрылыс алаңдарында, тас жол және темір жол маңында жүгірмеу, кешкі сағат 22:00-ден кейін сыртта жүрмеу т.б. Ата-ана үйде балаларға осы негізгі қағидаларды айтып, күнбе күн бақылап отырса оқушылардың өмір қауіпсіздігі дұрыс сақталады деген ойламын.

Қамқоршылық кеңес мүшелері айтылған пікірмен келісіп ДТДЖО Б.Утебаеваға ата-аналар жиналысын ұйымдастыру керек екендігін айтатынын айтып өтті.

Сонымен қатар қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мурсалова Ақмарал Аманғалиқызы құқық бұзушылықтың алдын алу бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршанызға белгілі. Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың әр түрлі қылмыс жасамауын, түнгі уақытта беймезгіл жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер үнемі ұйымдастырылып отырғанын ескертті. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың мәселесі белең алуда екенін, кикілжіні, топ құрып қақтығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып келе жатыр. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін алдағы уақытта мектебіміздің оқушыларын ІІБ мамандарымен жиі кездесулер жасап, әкелерді мектептің қоғамдық жұмыстарына, бала тәрбиесіндегі шараларға қатыстыру керектігін айтты. Жаз мезгілінде ІІБ мамандармен бірге түнгі рейдтік шараларға қатысуға қамқоршылық кеңес мүшелерін шақырды.









Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Бегімбетова Меруерт Жағғысқанқызы алды: «2020-2021 оқу жылына мектептің оқушыларына Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы бұйрығы негізінде барлық мектептерде бірыңғай мектеп формасы енгізіледі. Сол формада мектеп оқушылары қала беруін ұсынды. **Қыз балаларға:** сұрғылт-кызыл сызықтары бар топка, жилет, галстук, ақ жиде. (Мейрам күндері, ашық сабақ,



мектептің ішінде бас киіммен, орамалмен отыруға болмайды). **Ер балаларға:** ақ жиде, жасыл жилет, қара шалбар, жасыл галстук, қара туфли. Салқын кездері жасыл кастюм. Дене шынықтыру сабағының киім үлгісі 1-11 класс оқушыларында: қыз балаларға — ақ футболка, қара түсті лосина болмаса трико, ер балаларға – ақ футболка, қара трико немесе шорты, ақ табаңды ақ кеды. Діни атрибутқалар мектепке қолдануға тыйым салынады деп өз сөзін қорытындылады.

Төмендегідей шешім қабылданды:

1. Каникул кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігіне жауап беру, ата-аналарға міндеттелсін
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша жүйелі жұмыстар жалғастырылсын, Түнгі рейдтік шараларға қатысуға қамқоршылық кеңес мүшелері қатыстырылсын.
3. Оқушылардың 2020-2021 оқу жылындағы мектеп формасы төмендегідей болып бекітілсін. Қыз балаларға сұрғылт-қызыл сызықтары бар юпка, жилет, галстук, ақ жиде, ер балаларға ақ жиде, жасыл жилет, қара шалбар, жасыл галстук, қара туфли.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы		Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Сагинтаева Калия Сагинтаевна
		Ермагамбетова Гүлбану Куандықовна
		Құдайберген Орал Болатович
		Курамысов Адиль Сагидуллаевич
		Мурсалова Ақмарал Аманғалиевна
		Балышов Ұбынғаббас Бақытович
		Бегімбетова Меруерт Жалғыскановна